

БЕКІТЕМІН

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің

«Білім беруді жаңғырту

орталығы» МҚҚК басшысы

С. Мадеев

2022 жыл



**«Үздік бейне ұйымдастырылған оқу қызметі» қалалық байқаудың
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Үздік бейне ұйымдастырылған оқу қызметі» қалалық байқаудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтері мен орта білім беру ұйымдары мектепалды даярлық сынып педагогтері арасында үздік бейне ұйымдастырылған оқу қызметі туралы қалалық байқауды (бұдан әрі - Байқау) өткізу тәртібі мен шарттарын анықтайды.

1.2. Байқау қашықтан өтеді.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты: ұйымдастырылған оқу қызметінің үздік бейнелерін таңдау, қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін көңейту.

2.2. Міндеттері:

- 1) білім беру ұйымдары педагогтерінің озық тәжірибесін анықтау және тарату;
- 2) педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ету;
- 3) Елордалық электронды мектеп (Elordamekter.kz) платформасы мен ақпараттық алаң жұмысын жандандыру.

III. Байқауды өткізу тәртібі

3.1. Байқау ұйымдастырушы Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МҚҚК

3.2. Байқаудың материалдарды іріктеу мақсатында қазылар алқасының құқықтары берілген сараптамалық комиссия құрылады.

Two handwritten signatures are present at the bottom right of the document.

3.3. Сараптамалық комиссияның құрамына Білім беруді жаңғырту орталығының қызметкерлері, «Әділет» кәсіподақ комитетінің өкілдері және университет пен колледждердің оқытушылары кіреді.

3.4. Сараптамалық комиссияның мүшелері, байқауға қатысушылардың ұсынылған материалдарына сараптама жүргізіп іріктейді, жеңімпаздарды анықтайды.

3.5. Байқауға қатысу үшін **2022 жылғы 28 ақпанға** дейін **videosad_modern@mail.ru** электронды поштасына осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес өтінім, 2-қосымшасына сәйкес ұсыныстары ескеріле отырып әзірленген бейне ұйымдастырылған оқу қызметін ұсынады.

3.6. **2022 жылғы 1-11 наурыз** аралығында Қазылар алқасының мүшелері бейне ұйымдастырылған оқу қызметі материалдарына сараптама жүргізеді.

3.7. Ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұны КР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың ұлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленуі тиіс.

Байқауға қатысушылар ұсынатын бейне материалдар тәрбиеленушілердің қатысуыныз болуы керек. Әр білім беру саласы бойынша бір ҮОҚ (мемлекеттік немесе орыс тілдерінде) кемінде 5 (бес) бейне ҮОҚ болуы тиіс.

Осы байқауда ұсынылған жас ерекшеліктеріне сай ескерілетін білім беру саласының тізімі:

- 1.«Денсаулық» білім беру саласы бойынша (кіші, ортаңғы топ, қазақ тілінде) (кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды топтар орыс тілінде).
2. «Қатынас» білім беру саласы бойынша (кіші, ортаңғы топ қазақ тілінде), (кіші, ортаңғы, ересек топтар орыс тілінде).
3. «Таным» білім беру саласы бойынша (ортаңғы топ қазақ тілінде), (кіші, мектепалды топ орыс тілінде).
4. «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша (кіші, ортаңғы, ересек топ қазақ тілінде), (кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды топ орыс тілінде).
5. «Әлеумет» білім беру саласы бойынша (ортаңғы топ қазақ тілінде), (ортаңғы, ересек, мектепалды топ орыс тілінде).

3.8. Өз жұмысын жібере отырып, автор ұсынылған материалды олардың қалауы бойынша тегін (сыйакы төлемей) пайдалануға, оның ішінде бейнероликті көпшілікке таратуға, интернет желісінде, телебағдарламаларда орналастыруға, шығармашылық жобаларға енгізуге, БАҚ-та жариялауға, одан әрі көбейтуді, шығармашылық қайта өндеді жүзеге асыруға автоматты түрде (бірақ шектемей) шартсыз құқық береді. Жіберілген бейнemатериал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

IV. Мазмұнына қойылатын талаптар

4.1. Бейне ұйымдастырылған оқу қызметіне қойылатын талаптар:

- мектеп жасына дейінгі және мектепалды даярлық топтары мен сыйнып балаларына жас ерекшелігіне сәйкестігі;
- мазмұн сапасы;
- ҰОҚ құрылымының сақталуы;
- ресімделу және түсірілім сапасы;
- өзіндік ерекшелігі;
- шығармашылық дербестігін көрсетуі;
- материалдарды алдағы уақытта кеңінен пайдалану мүмкіндігі.

V. Бейнематериалдарға қойылатын техникалық талаптар

5.1. Форматы – mp4 - HD (1280x720) төмен болмауы тиіс.

5.2. Бейнематериалдың ұзактығы - 8 минуттан 15 минутқа дейін.

5.3. Ушінші тараптағы аудио және бейнеконтент өндірушілерінің авторлық құқықтары сақталуы тиіс.

VI. Байқау қорытындысы

6.1. Сараптамалық комиссия бағалау парағының (3-қосымша) талаптары бойынша сараптама жүргізіп, жеңімпаздарды анықтайды.

6.2. Жүлделі Гран-при, I, II, III орын иегерлеріне диплом және бағалы сыйлықтар табысталады.

6.3. Жұмыстар осы байқаудың критерийлеріне сәйкес келген жағдайда қатысушыларға сертификат беріледі.

6.4. Байқау нәтижелері «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МҚҚҚ сайтында жарияланады.

1-косымша

«Үздік бейне ұйымдастырылған оқу қызметі» қалалық конкурсына қатысуға ӨТІНІМ

Мені байқауға қатысуға жіберуінізді сұраймын.
Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1	Т.А.Ә. (толық)	
2	Лауазымы	
3	Білім беру ұйымының атауы, электронды мекенжайы	
4	Бейне ұйымдастырылған оқу қызметі авторының электронды мекенжайы	
5	Байланыс телефоны	
6	Бейне ұйымдастырылған оқу қызметінің / файлдың атауы	

**Ұйымдастырылған оқу қызметін бейне жазбасын дайындау кезіндегі
ұсынымдар.**

1. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспарын дайынданыз. Материалдың мазмұндылығы мен ақпараттылығына, қолжетімділігіне және қысқа болуына назар аудара отырып, ҰОҚ барысын нақты жазуыңыз қажет.
2. Бейнероликті құруда сөзді көрнекілікпен бірге қолданыңыз. Сөзінізді неғұрлым көркем ету үшін интернеттен лайықты суреттерді, қажет заттарды табыңыз немесе *PowerPoint* бағдарламасымен презентация құрастырып, алынған лайықты суреттерді баланың жас ерекшелігени сәйкес келуін қадағалаңыз, дайындалған материалды дыбыстаңыз.
3. Жеке қасиеттеріңізге назар аударыңыз: жалпы эрудиция, балалармен қарым-қатынас жасау стилі, сөйлеу мәдениеті мен сауаттылығы (дикция, қарқын, көркем сөйлеу), оқу материалын бірнеше рет дауыстап айтЫп, дайындалу қажет.
4. Камера мен микрофонды таңдаңыз. Бейнероликтің табысты болуының басты шарттарының бірі - бейне мен дыбыстың айқындығы, камераның «дірілі» мен дыбыс қаттылығының ауытқуын болдырмау, кадрда бөгде заттар мен шұлы кедергілердің болмауы.
5. Бейнероликті жазыңыз және оны өндөніз. Бейнероликті бөліктермен жазуға, содан кейін оны құрастыруға болады.
6. Ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнеролигі электронды түрде Орталықтың videosad_modern@mail.ru электронды поштасына жіберіледі.

З-қосымша

Бағалау парагы

Аты-жөні _____ № _____ балабақшасы

Білім беру саласы _____

Жас тобы _____

ҰОҚ тақырыбы _____

№	Ұйымдастырылған оқу қызметін (ҰОҚ) бағалау критерийлері	Tөмен денгей	Орташа денгей	Жоғары денгей
		1 ұпай	3 ұпай	5 ұпай
1	ҰОҚ мақсаты мен міндеттерінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігі			
2	ҰОҚ құрылымының сақталуы			
3	ҰОҚ ұйымдастыру әдіс-тәсілдері			
4	ҰОҚ ұйымдастыру формаларының алуан түрлілігі			
5	Өткізілген ҰОҚ мақсаты мен міндеттеріне қолжеткізуі			
6	Педагогтің жеке қасиеттері: - пәндік құзыреттілігі; - жалпы эрудициясы; - сөз мәдениеті мен сауаттылығы (дикция, қарқыны, көркем сөйлеуі, жалпы және нақты сөз сауаттылығы) педагогтің жалпы мәдениеті			
7	ҰОҚ жоспарлау сапасы: сюжетті желінің құру логикасы, онтайлылығы, таңдау алған фрагменттерінің мазмұндылығы мен акпараттылығы			
8	ҰОҚ қоса берілген материалдардың сапасы: жоспар (конспект), өзіндік талдау			
9	Акпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану тиімділігі			
10	Бейне ұйымдастырылған оқу қызметінің жазбасы мен монтажының техникалық денгейі			
Жалпы ұпай				

Ескертпе: _____

Қазылар алқасы мүшесінің аты-жөні

(қолы)